
№2 қазақ-түрік қыз балалар лицейі
Шымкент қаласы
Пән мұғалімі Шотыкова Жанар Маратқызы
Абай Құнанбаевқа
170 жыл



- АБАЙ – ДАРА, АБАЙ - ДАНА ҚАЗАҚТА

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сәулелі ғұмыр | 20 | 30 | 40 | 50 |
| Өлең- сөздің патшасы | 20 | 30 | 40 | 50 |
| Сөзің асыл- баға жетпес | 20 | 30 | 40 | 50 |
| «Абай жолы» - ғасырлық туынды | 20 | 30. | 40 | 50 |



Абай бұрынғы
Семей облысы
Абай ауданы
.....ауылында
дүниеге келген.


Қасқабұлақ
ауылы



**1875-1878 жылдар аралығы Абай өмірінде несімен маңызды болды?**



1875 жылы Қоңыркөкше елінде өткен сайлауда жеңіп шығып, 1878 жылға дейін болыс болады.



**Абайдың саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен орыс демократтары, достары,атап айтқанда, Михаэлис, А. Леонтьев, Гросс, Блек,  Лобановский, Коншин,**
**және .....**



Долгопол
ов



**1885 ж. мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде Семейдің ген.-губернаторы Цеклинцкийдің басқаруымен Семей губернасиясына қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезінен кейін Абайға берілген тапсырма қандай болды?**



Осы съезде төбе би болып сайланған Абайға “Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін” әзірлеу тапсырылды. Абай бастаған комиссия барлығы 93 баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзір етті.

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың жаны – терең сай,

Тасыған өзен күрілдеп.

Бұл өлеңдегі тармақтардың ұйқасы қандай ұйқас?

***Шалыс ұйқас.***

**Қазақ өлеңінде ұйқастың бұл түрін бірінші қолданған Абай болды.**




Абай өз өлеңдерін досы Көкбайдың атынан жариялап отырған. Бірақ қай өлеңін ақын ретінде ең алғаш өз атынан жариялайды?

**«Жаз»** («Жаздыкүн шілде болғанда...») деген өлеңін жариялаған болатын

Абай өлеңдерінің ең алғашқы
жинағы қашан, қайда
және кімнің арқасында
басылып шықты?





1909 жылы ақын Кәкітай Ысқақұлының арқасында Қазан қаласында басылып шықты.

# ӨЛЕҢНІҢ БАСТАПҚЫ ЖОЛДАРЫН НЕМЕСЕ ЖАЛҒАСЫН ТАП

...АЛЫС-ЖАҚЫН ҚАЗАҚТЫҢ БӘРІН КӨРДІМ,

ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМ БОЛМАСА АНДА-САНДА.

ПАЙДА ҮШІН БІРЕУ ЖОЛДАС БҮГІН ТАҢДА,

ОЛ ТҰРМАС БАСТАН ЖЫҒА ҚИСАЙҒАНДА...




**Көңілім қалды достан да,дұшпаннан да,**
**Алдамаған кім қалды тірі жанда.**
**Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,**
**Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.**
**Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,**
**Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.**
**Мұнан менің, қай жерім аяулы деп,**
**Бірге тұрып қалады кім майданда?**

# Абай қарасөздерін қай жылдар аралығында жазды?




1890-1898
жылдар
аралығында
жазған




# Абай төртінші қарасөзінде не жайлы сөз қозғайды?

А) ұрлық

В) ақша

С) күлкі

Д) намыс

# Күлкі



**Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек:**

А) әуелі - надандық, екіншісі - еріншектік, үшінші - залымдық • .

В) әуелі - надандық, екіншісі - білімсіздік, үшінші – тәрбиенің жоқтығы

С) әуелі - санасыздық, екіншісі - мақтангершілік, үшінші - зұлымдық

Д) әуелі - арсыздық, екіншісі - еріншектік, үшінші - қорқақтық





жауап: А әуелі - нададндық, екіншісі- еріншектік, үшінші - залымдық




.

Абай қарасөздері
ең алғаш
қай жылы,
қандай
газет-журнал
баспасында
жарық көрді?



Ең алғаш 1918ж. Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді.



«Бізді көрсең сәлем бер деп әкең үйретті ме, әлде»деген сөздерді Абайға айтқан кімнің сөзі?



- .

Бөже
й




«Болыпты бір ақсақ таз және соқыр,
Құранды мысық сопы молдаң оқыр»,-деген өлең жолдарын кім айтады?



# Шөже ақын


Абай Шыңғыс,Орда
тaулары мен Хан
биігінің аталу тарихын
түсіндіретін жері,кімнің
аулында?



Шытырманда

Сүйіндіктің аулында



Ділданы айтып мазақ қыла бергені үшін Абай қалжыңдап өлеңді кімге арнап шығарады?




Майбасарға арнап әзіл өлең шығарады.



**Өлді деуге бола ма,
ойлаңдаршы?!
Өлмейтұғын
артына сөз
қалдырған.**

